

Медеуге қалай барсам болады?

Аня Қазақстанға Ресейден оқуға келген. Ол Алматы қаласында орналасқан Медеу мұзайдынына барғасы келді. Жатақханадан шығып автобуска отырды. Алайда, өзінің адасып кеткенін байқады. Сондықтан ол автобуста отырған қыздан Медеу мұзайдынына қалай бару керектігін сұрады. Ол :

-Сәлеметсіз бе. Маған Медеу мұзайдынына қалай баруға болатынын айтып жібере аласыз ба?

-Иә, әрине. Сізде жол картасының қосымшасы бар ма?

-Иә, бар. Мінекей.

-Жақсы. Қазір “Абай көшесі ” аялдамасынан түсіп, жоғары 200 метрдей жүресіз. Сосын “Абай” көшесінен оңға бұрыласыз. Кейін алдыңыздан Қазақстан қонақ үйі шығады...

-Кешіріңіз, қайталап айта аласыз ба?

-“Абай көшесі” аялдамасынан түсіп, жоғары 200 метрдей жүресіз. Сосын “Абай көшесінен” көшесінен оңға бұрыласыз.

-Содан соң алдымнан қонақ үй шығады ма?

-Иә, сол қонақ үй жанында аялдама бар. Сол жерде 12-нөмірлі автобуска отырасыз.

-Көп рақмет сізге.

-Жолыңыз болсын

Тапсырма:

Дұрыс жауабын белгіле

1. Аня Қазақстанға не үшін келді?

А.Оқу ішін

Б.Мұзайдынды көру үшін

С. Қыдыру үшін
2. Ол қай жерге барғысы келді?

А.Алматыға

Б.Қонақ үйге

С.Медеу мұзайдынына
3. Аня қандай нөмірлі автобусқа отыру керек?

А.22-нөмірлі

Б.12-нөмірлі

С. 2-нөмірлі

Дұрыс/бұрыстығын анықта

	Дұрыс	Бұрыс
Аня жатақханадан шығып автобусқа отырды		
Аня “Қазақстан қонақ үйі” аялдамасынан түседі		
Қонақ үй жанында аялдама		
Аня адасып кетті		
Ол Медеу мұзайдынына барғасы келді		